

МАҚТАНЫШЫМ —

Мен Қарағанды облысының құрдасы екенімді мақтаныш етемін.

Қарағанды облысының 70 жылдығына дайындық жүріп жатқанда, мен де менің құрдастарым да өзіміздің облысымыз үшін не істедік, оның дамуына қандай үлес қостық, туған облысымыз, туған қаламыз не үшін ыстық, бізге - осы сияқты толып жатқан сұрақтар ойға келген еді. Мақтанышымыз - Қарағандының өсіп, өркендеуіне біз де, қомақты болмаса да, өз үлесімізді қосқан екенбіз. Ойымды әріректен бастасам...

Соғыстың біткеніне он жыл болған. Орталықтағы ауысу-түйісуден хабарымыз болғанмен, саясатқа онша бара алмайтын, тісіміз батпайтын, балаң кезіміз. Дегенмен, Отанымыздың байлығын арттырамыз, еліміздің экономикасын көтереміз, капиталистік елдерді басып озамыз, Европа мен КСРО бірігіп, бірыңғай Коммунистік партия басқарған социалистік жүйе құрылады. Бірте-бірте коммунизм толық орнайды, әркім қабілетіне қарай жұмыс істейді, қажетіне қарай алады деген қағида миымызға сіңе бастады. Ол үшін оқу керек, жұмыс істеу керек.

Міне, осындай кезеңде біз 1955 жылы Қарағандының Молотов атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсіп, тамыз айының ішінде ауыл шаруашылығы жұмыстарына кірісіп те кеттік. Бұл барлық студенттердің ауыл шаруашылығы жұмыстарына тартылатын кезі болатын.

Бүкіл Қазақстан бойынша тыңды игеру басталған, оны игереміз деп көшіп келушілердің ағыл-тегіл легітоластамайтын. Вокзал басытың игеру үшін келгендерді қарсы алу құрметіне ұйымдастырылған салтанатты жиынға толы болатын. Оларды облыстың аудандарына тоқтатпай жіберіп жатты. Жастардың еңбекке деген құлшыныстары өз нәтижесін кешіктірмей беріп те үлгерді. Жер де жыртылып жатты. Жапан далада ақ шаққан боз үйлер де бой көтере бастады.

ҚАРАҒАНДЫМ



мақ ішуге шамамыз келмей, серейіп жатып қалатын едік. Шынын айту керек, алғашқы күндері, бұндай ауыр жұмысты көтере алмадық. Кейін денеміз үйреніп алды, ауырсынғанды жеңдік. Таңертең тастай сумен жуынуға да дағдыланып алдық. Әр қыстаққа шөп тасып, маялап бердік. - Шөп науқаны бітісімен егін алысуға жіберді. Жапан дала, көз ұшына дейін жайқалған егін. Біздің қызметіміз комбайнға тіркелген копнительде жиналып қалған сабанды түсіріп отыру. Жұмысымыз таңғы алтыдан басталып түнгі он

нысымен «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен наградады.. Мен сол наградталғандардың бірі болғанымды мақтаныш етемін.

Сол уақытта Қазақстан, оның ішінде Қарағанды облысының экономикасы жоғары болды-ау деймін, өйткені бір жылдары нанды тегін жедік. Негізінен нан проблемасы шешілген екен.

Әрқайсымызда патриоттық сезім өте күшті болды. Сабақтан тыс қары уақытта өзіміздің институттың спорт залын (қазіргі «Болашақ» институты) салыстық. Оның ашылуында Бүкіл одаққа белгілі болып қал-

Жапаң далада ақ шаңқан боз үйлер де бой көтере бастады.

Бізді Нұра ауданының Нұра совхозының өкілі ешқандай жабдықталмаған полуторкамен, ашық кузовқа мінгізіп алып кетті. Қазіргідей тас не асфальт жол жоқ, даланың жолымен, артымызға шаң қалдырып, зуылдап келеміз. «Шырқал ән, төгіл дауыс көмекейден... Өлеңдетіп, күйді төктік нәсерлетіп», - деп өлеңді төгіліп келеміз. Барар жеріміз Қарағандыдан алыс екен, шаршағанымызды білмейміз, влөңдетіп отырып, жетіп келдік. Жолай бірен-саран шатыры көтеріліп жатқан құрылыстарды көрдік. Қаз қатар тізілген палаткалар, келгендер тыным таппай еңбектеніп жатыр.

Бізді айдалада тұрған 1-2 вагонға әкеліп орналастырды. Алғашқы күндері түн суық, жұмысымызда береке жоқ, шашыранды, көрінген ұсақ-түйек жұмыстарды істедік. Көңілімізге онша ұнаған жоқ. Осыны сезді ғой деймін, бізді шөп шабатын, қой қырқатын және мал баздарын жөндеуге тиісті шаруашылықтың үлкен бөлімшесіне әкелді.

Алғашқы жұмысты қырқыннан бастадық. Мен ауылда жүргенде ақ агрегатпен қой қырқуға машықтанып алған болатынмын. Қой қырқа алатын біраз жігіттер қой қырқыстық; Қой қырқа алмайтындар бізге қойды әкеліп ұстап тұрады. Күндік нормамыз 50 қой қырқу. Қол талып қалады, орындай алмай жүрдік. Қырқылған қойларды «купкаға» (кралин қосылған суға толы цементтен жасалынған астау) тоғытамыз. Бірнеше отар қой қырқылып біткеннен кейін, шөп науқанына жіберді. Машинаға шөпті қолмен артамыз, стогомет (шөп артатын техника) болатын, көпшілігінде сынып қалады. Әлділеу жігіттер шөп арту жағында болды да, мен маяның айналасын жинап отыратын болдым, Бригадиріміз атпен жағалап тексеріп кетіп жүреді. Рас па, өтірікпе, әйтеуір жұмысымызды мақтап кетеді. Қыздар жеңіл жұмыстарда болды. Біздер кешке шаршап, сілеміз қатып келеді, та-

банды түсіріп отыру. Жұмысымыз таңғы алтыдан басталып түнгі он екі-бірге дейін созылады.

Егін жинау ықшамдала бастасымен біздердің бір тобымызды түнгі жер жыртуға, бір тобымызды қырман басында болып, бидайды ұшырып, тазалап, машиналарға артуға қойды. Машиналар да көп, тоқтатпай, артып жіберіп отырамыз. Бұл жұмыстарда да абыройсыз болған жоқпыз. Ауыл шаруашылығында жыл сайын, институт бітіргенге дейін болдық. Осы жылдары Нұра ауданының «Киевский», «Энтузиаст» совхоздарының, бұрынғы Тельман ауданының Чапаев атындағы колхозының, Қарқаралы ауданының «Киргизия» совхоздарының егініне де, шөпке де, қой қырқуға да, құрылысқа да, араластық. Сабақ 1 қазанда, кей жылдары 1 қарашада басталатын. Сабақтың кешігіп басталуы астыққа байланысты болатын. Оны жаңбыр не қар астында қалдыруға болмайтын еді. Ауыл шаруашылығына кей жылдары арнайы комсомолдық жолдамамен де барып жүрдік. Бұл бізге үлкен жауапкершілікті жүктейтін. Жұмысымызды, сондықтан, абыроймен істейтінбіз. Шаруашылық жетекшілерінің үлкен алғысына ие болып жүрдік. Солардың қатарында Игіліков Әбдірахман, Қаппасов Қоңырхан, Сатыбалдин Мұқыш, Күнтуғанов Өмірзақ, Нұрмағанбетова Қадыш, Садуақасова Рымбала, Жақыпова Рымкүл, Көкенова Еркін, Жұмағұлова Дәркен, Нұрланбекова Қаламсия, Сланбекова Марбану, Жұмаділов Тоған, Әлжанов Қайып, тағы басқалардың аттары атала-тын.

«Партия қайда болса, жеңіс сонда» рухымен тәрбиеленген біздер ерінбей еңбектенудің арқасында облысымыздың даңқын шығардық. Қазақстанның миллиард пұт астық тапсыруына үлкен үлес қостық. Қарағанды облысы Ленин орденімен наградталды. Қазақстан бойынша 130 адам Социалистік Еңбек Ері атағын алыпты. Біздің де еңбегімізді бағалап, бірнеше ондаған студенттерді, біз жұмыс істеген шаруашылық басшыларының ұсы-

титуты) салыстық. Оның ашылуында Бүкіл одаққа белгілі болып қалған әйгілі КСРО спорт шебері Октябрь Жарылғапов бастаған Алматының волейбол командасы тамаша өнер көрсетіп, айызымызды қандырған еді. Спорт секциялары "көбейді. Курсаралық, факультетаралық жарыстар жиі бола бастады.

Жалындап тұрған жастар спортты дүрілдетіп жіберді. Аз уақыттың ішінде күрестен Смағұлов Мәді, Демесінов Серік, Нығызбаев Танау, Аманжолов Сағжан, Бұғыбаев, т.б. көптеген студенттер Қазақстанның және Орта Азияның чемпиондық атақтарын жеңіп алды. КСРО спорт шеберлері атағына ие болды.

Қаламызда абаттандыру жұмыстарын да жүйелі түрде жүргізіп отырдық. Топ-топқа бөлініп, көшелерге, БЛКЖО 30 жылдығы атындағы орталық паркте, бос жердің бәріне ағаш ектік.

Барлық факультеттерде қоғамдық орындарда, көшелерде тәртіпсіздікті болдырмаудың алдын алу мақсатында студенттердің милицияға көмектесетін ерікті отрядтары құрылды. Біз солардың мүшесі болып, кесте бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірге кезекшілікке де шығып жүрдік. Қолымызда заңды түрде жазылған куәлік болатын. Сол жылдары Қарағандыда бұзақылық дегенді естімеппіз. Қала тыныш болатын. Түн ортасына дейін көшеде немесе паркте қыдыра беретінбіз.

Содан бері, 50 жылдан асып барады, менің көптеген замандастарым, курстастарым институтты бітіріп, облысымыздың түкпір-түкпіріне мұғалімдік қызметке кірісіп кеттік. Содан бері облысымызбен бірге өсіп келеміз. Солардың да көпшілігі 70-ке келді. Біздің өсіп-өнген ұямыз - Қарағанды облысы. Біздің жастық шағымыздың куәсі - Қарағанды. Қарағанды - біздің мақтанышымыз. Бүгінгі жастарға да айтарым: Қарағандының абыройлы, белсенді түлегі бола біліңдер.

Ошақбай СУХАНБЕРЛИН.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.